



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖАСТАР САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФАКТОРЫ

Пұсырманов Нұрбек Серікұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 2 курс докторанты,


Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С.Рыстина

Жаһандық саяси процестердің күрделенуі ұлттық мемлекеттердің қорғаныстық қабілетінің күшеюі және ашық ықпалдасу мүмкіндігін талап етеді. Бұл жаңа саяси ойын теориясы. Осы бағдарда постсоветтік мемлекеттердің саяси жүріс тактикасы жастар әлеуметтік құрамымен қамтамасыз етіледі. Оның басты себебінің бірі ретінде, жастардың саналық және адами-тәрбиелік тәуелділігінде жатыр.

XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті жастары қандай болуы қажет? Жастар өздерін азамат ретінде өзіндік сана-сезінуі, әлеуметтенуі және «Мен» дегізгерлік сәйкестенуі, бірегейлену процесін қалай өткеруде, мәселе қазіргі күн тұрғысында өзекті болып табылады.

Жалпы, жастар мәселесі айналасында 1992 жылғы қаңтар мен 2016 жылғы желтоқсан аралығында барлығы 99 диссертация түрлі салаларда орындалған. Соның ішінде, саяси ғылым бағытында 13 диссертация жазылған (1-кесте). Айта кетелік, осы сандық деректер Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми порталының www.nauka.kz ресми сайты негізінде автоматты іріктеме бойынша жинақталды.



1-кесте. Орындалған диссертациялар тілдік қатынас бойынша

1-кестеде анықталғандай, мемлекеттік тілде диссертациялық жұмыстардың жазылуы 2006 жылы ғана сапалық өзгеріске қадам жасады. Мемлекеттік-ұлттық құрылыста қоғамдық қатынастардың, нақты ғылыми кеңістікте де мемлекеттік тілдің табиғи өрлеуі қоғамды топтастырудың ынталандыру тетігін құрайды.

2006 жылы «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыру ерекшеліктері» атты тақырыпта Ж.Қ. Симтиков докторлық, 2007 жылы «Саяси білім - Қазақстан жастарының саяси әлеуметтенуінің факторы» тақырыбында А.У. Исаев кандидаттық диссертация қорғады. 2010 жылы Е.Б. Баймұханов «Қазақстан Республикасының жастарының саяси сана-сезімін қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі» және Б.Б. Бюлегенова «Қазақстан Республикасы саяси партияларының қызметіндегі жастардың проблемалары (саяси талдау)» атты тақырыптарда кандидаттық жұмыстар жазғанды. Сонымен бірге, 2013 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасының базасында ізденуші И.С. Рыстинамен «Жастардың саяси мәдениеті Қазақстандағы азаматтық қоғамды қалыптастырудың факторлары ретінде» атты тақырыпта философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жүзеге асырылды. Мұның барлығы жастар

мәселесін ғылыми зерделеу, ғылыми-ақпараттық сүйемелдеумен қатар мемлекеттік тілде ғылыми академиялық қолданыстағы тұтынушыларын қалыптастырды.

Өз кезегінде, мемлекеттік тіл қазақстандық патриотизмнің қайнар бастауы. Мемлекет символдары қатарындағы мемлекеттік тілді патриотизмнен бөле-жара қарау ұлттық саясат бағдарында түбегейлі қайшылықтарды орналастырады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі» деп конституциялық анықталғанымен, Конституцияның 7-бабының 2-тармағы «2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлем бірінші тармақты тежейді. Сондай-ақ, осы баптың 3-тармағы «3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп белгіленген [1].

Осы конституциялық мәртебені түрлі түсіндірулермен қарастыруға болады, алайда, саяси билік институттарының саяси-құқықтық құжаттары, өзге де ресми ақпараттары, сөз сөйлеу, диалог тәрізді түрдегі байланыстар әлі күнге дейін мемлекеттің тіл қатынасында кемшілік бар екендігі, және күрделі қайшылықты жағдайда қалыптасқандығын айғақтайды. Сондықтан да, тіл факторындағы екі стандартты жағдай үнемі қақтығысқа итермелеп отырудың формальды емес саяси тегігі. Осыған қоса, қазақ тіліне негізделген латын графикасы жобасын бекітуге дейін тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіз төл жазуы қолданыста болмады. Бұл ретте, советтік кезеңнен жалғасқан кириллицаға негізделген қазақ әліпбиін үздіксіз қолдану өз кезегінде, мемлекеттің ұлттық символдар жүйесінде ескі стереотиптер, принциптерді сақтап келді және қолдануға итермеледі. Советтік үстемдікті құрған орыс этносының жазбаша сөйлеу мәдениеті кириллицаға негізделген қазақ әліпбиіне тікелей ендірілген болатын. Соның бір мысалы ретінде, азаматтардың тегіндегі «ов», «ев» және «ова», «ева» тәрізді жармасқан өткен күн естеліктерін көрсетуге болады. Әрине, советтік кезеңде дүниеге келген азаматтар үшін бұл үрдіс үйреншікті жағдайға айналғанды, бірақ тәуелсіз жас ұрпақ санасында осы үрдіс қарсылықты жағдайды туындатады және жаңа қазақстандық рухта тәрбиелеуде тікелей саналық-көзқарастық кедергі әкелді. Азаматтың туғанынан өмірден өткеніне дейінгі аралықта өзіне ғана тиесілі жекелік есім мен тегі өзіндік бірегейлік, сәйкестендіруді білдіретіндігін назарда ұстау керек. Осы жағдайларды назарға ала отырып, мемлекеттің қоғамдық-саяси қатынасы этносаралық қатынастар сатысында орналасқанын айқындауға болады.


Қазіргі Қазақстан үшін этносаралық қатынастан ұлттық бірігу деңгейіне өту аса тиімді саяси даму жолын құрайды. Бұл бағдарда жастар санасын қалыптастыру болашақтың емес, бүгінгі күннің саяси жауапты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстан қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Ендігі бағыт рухани жаңғыру қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі екендігін қадап айтты [2].

Мемлекеттегі ұлт құрылысы шеңберінде ұлттық бірегейлік, өзін-өзі анықтау, сәйкестендіру мәселелерінің әлсіз жүргізілуі, ұлтшылдардың «өткеннен кек алу» ретінде тарих алаңын ластауы, символдар жүйесінде тілдік фактордың саяси қақтығыс алаңында қалуы (ақпараттық тартыстар) түрлі шараларды кешенді қалыптастыруды күтеді. Осы процестерді Қазақстанның жедел өткермеуі әлемдік жаһандық жағдайлармен санасуға толыққанды мүмкіндік бермейді.

Мемлекет дамуындағы процестерге азаматтардың саналық көзқарастары, интеллектуалды топтардың процестерді бағалау сатысы да айтарлықтай айрықшалыққа ие еместігін көрсетуге болады. Оның басты себебі ретінде, келесідей сызбаны ұсынамыз (2-кесте).

2- кесте. Қоғамдық-саналық ойлау жүйесінің көрінісі.



Бүгінгі кезеңде өмір сүре отырып, өткенгі мәселені эволюциялық шолумен қарастырса болар еді, алайда өткеннің жадынан ажырамастай өмір сүріп жатқан саяси субъектілер тобыры жетерлік. Көп жағдайда, мұндай тартыстар ақпарат алаңында тарих, тіл мәселесін алып шығады. Тарихи даталар мен мерекелер арқылы саяси кертпалық мүддені түзеді және уақытша патриоттар кейпіне енеді. Радикалды және реакциялық көзқарастық түбірлерге жинақталған саяси топтар жекелік фактор (адам құқығы мен бостандығы), ұлттық фактор (ұлттық мүдделікті ескермеу – ұлттық қауіпсіздік шекарасын өшіру), тіптен жаһандық факторды да қозғайды (өзге мемлекеттерді тарихи қаралау арқылы жағымсыз бейне қалыптастыру).

Басым мәселе тұғыры «Жеңіс күні» қарсаңында туындайды. Патриоттық шаралар астарына жасырынатын әрекеттерді мемлекеттің арнайы органдары қатаң түрде қадағалап отыруы керек. Өйткені, мұндай әрекеттер өз кезегінде ұлттық саясатта ұлттық бірігуге кедергі келтіріп, ыдыратушылық факторды иеленеді. Сондай-ақ, басты нысанда жастар санасы кемістікке ұшыратады.

Бұл ретте, қазақстандық патриотизмді нығайту мен ортақ тарихқа негізделген тарихи рухты сіңірту арқылы жастар санасын сақтауға, қорғау мен нығайтуға болады.

Қазақстандық патриотизм – ұлттық сана-сезімді нығайтудағы аса қажетті тетік ғана емес, қоғам топтастыру, ұлттық бірлікті сақтаудың ядросы.

Қазіргі Қазақстан жастарын жаңа патриоттық рухта тәрбиелеу үшін алдымен патриотизмнің мәнін анықтау қажет. Осы ретте, украиндық зерттеуші О. Духовна-Кравченко «патриотизм адамның оған деген сүйіспеншілігі белгілі бір территориямен байланысты екенін пайымдайды. Патриотизмнің мазмұны - бұл адамның ұстанымы, ол Отанға деген сүйіспеншілікпен сипатталады, мемлекеттің мүдделері мен идеалдарының өмірін жүзеге асыру үшін практикалық қызметке дайындық, мемлекеттің заңдарын құрметтеу және олардың мүдделерін адам өмір сүретін мемлекеттің мүдделеріне сәйкестендіру.

Патриотизмді құрылымдық-функционалдық талдау мынадай функцияларды ажыратуға мүмкіндік береді: ынталандыру, трансляция, топтастыру. Осыған қоса, субъектілік патриотизм жеке тұлғамен байланысты, ол оның көріністеріне, сипатына әсері патриотизмнің нысанын өзгерту мүмкіндігі патриоттық сезімдерінен басталады. Зерттеушінің анықтауы, объектінің өзгеруіне байланысты жергілікті, өңірлік (аймақтық) және мемлекеттік патриотизмді ерекшелендіреді. Жергілікті патриотизм адамның туған жеріне деген сүйіспеншілігі, адам ретінде адам болу орны. Патриотизм бұл түрі, оның объектісі үй ретінде - ол өзінің өткен күндері, балалық шақ естеліктермен байланысты, себебі тұлға, адамға кейбір мәні бар, ол дүниеге келген орын болып табылады. Мемлекеттік патриотизм - бұл елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік жүйеге деген сүйіспеншілік, яғни, отанға деген сүйіспеншілік. Өңірлік патриотизмнің болуы жеткіліксіз дамыған ұлттық байланыстарға, бір мемлекеттің ішіндегі белгілі бір аймақтардағы немесе этникалық ассимиляциялық процестің сәтсіздігіне қатысты. Мұндай жағдай көпұлтты мемлекеттің ұлттық саясаты этникалық біртекті халық өмір сүретін белгілі бір өңірлерде (аймақтарды) қанағаттандырмаған кезде пайда болуы мүмкін [3, 13-16-б].

Мемлекеттік саясаттағы өңірлік жіктелістердің болуы және олардың кері байланысты топтастыру сипатын иелене алмауы өз кезегінде ыдырау кескінін көрсетеді. Территория

ауқымы, өңірлік патриотизмдердің этностық деңгейге тұрақтануы да трайбалистік сілкініске әкеледі. Осы жағдайлардың алдын алу үшін мемлекет жастарын таза санада тәрбиелеу ұлттық идеяның құрамдас компоненті ретінде қазақстандық патриотизмге арқа сүйейді.

Патриотизм де табиғатынан топтастырушы қабілетке ие. Осы ретте, ұлттық идеяның қалыптасуы тұтас ұлтқа байланысты болса, ал патриотизм ұлттың жеке құрамымен тығыз қатынасты құрайды. Сонымен бірге, патриотизм элементтері: патриотизм субъектісінің объектіге деген сүйіспеншілігі; тарихи жады; отансүйгіштік объектісінің өмір сүру мақсатына сай келетін патриотизм субъектісінің мүдделері. Патриотизмнің мақсаты:

- адамның туған жері;
- этникалық құрамы бар және адамдар өмір сүретін аумақ;
- мемлекет [3].

Индивидті ұлт және мемлекетпен байланыстыруды нығайтудың ерекше әрекеті ұлттық тарихтан көрініс табады. Тарих ежелгілік арқылы мемлекет пен ұлт тарихын бейнелейді. Жауларды жеңу мен Отан қорғаудағы оқиғалар, ұлт тағдыры патриотизм білімінің қайнар бұлағы. Аға, орта, кіші буын құндылықтар үлестерін ұлттық тарихтан тарқатуға болады.

Тарих - адамзат қоғамына өткен мен бүгінгі көріністерді бағалауға мүмкіндік бере отырып, саяси жүйеде басым идеяларға мойынұсынуға тәрбиелейді. Сондықтан да, ол үнемі идеологиялық алаң ортасында өз орнын белгілейді.

Ортақ тарих пен мемлекеттік символдар, мемлекеттік тіл тұтастығы нақты патриотизм өзегі. Азаматтық қоғамда адам бойында азаматтық сапа болу керек, ол үшін азаматтық сапаға тәрбиелеу міндет.

«Кең көлемде мемлекеттік биліктің символдары кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы – ұлттық идеяда көрініс табуы қажет. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Мемлекеттік символдар мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы болуы керек. Мемлекеттік символдарды бойтұмардай қасиет тұтқаны туралы тарихта осыған мысал боларлық оқиғалар жетіп артылады, әсіресе, рәміздердің астында қаншама қаһармандық оқиғалардың орын алғандығын, ол үшін талай рет батырларымыздың басын қатерге тіккендігі жайлы білеміз. Яғни рәміздер соғыс және бейбіт уақытта, жалпыұлттық мейрам кезінде де ұмыт қалған емес» [4].

Ұлттық мүддені қорғайтын, мемлекет белгілерін нығайтатын азаматтық сезім де патриотизмнен туындайды. Бірыңғай бірегейлікті қалыптастыруда маңызды, мазмұнды рөлді жастардың жоғарғы патриоттық сезімі атқарады, ол жоғары саяси және құқықтық мәдениет бар жерде ғана іске асады. Ол үшін азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру керектігін ізденуші Н. Айтымбетов диссертациялық жұмысының 35-бетінде атап көрсетеді [5, 35-б].

Бәсекеге қабілеттілік, тең мүмкіндік қағидалары патриотизмнің ынталандырушы негізгі принциптеріне енуі қажет. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында ресми тілде келесідей ұстанымды айтқан болатын: «Патриотизм, адамгершілік және мораль нормалары, этносаралық келісім мен толеранттылық, физикалық және рухани даму, заңға бойұсынушылық. Бұл құндылықтар меншік нысанына қарамастан, барлық оқу орындарында енгізілуі керек. Осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы - көпұлтты және көптілділік болып табылады [6].

Қорытындылай келе, жастар санасын ұлттық тәрбиелеу үшін ұлттық бірігудің сапалы тетіктерін қолдану маңызды. Сонда ғана, өңірлік жастар бойында ортақ мақтаныш сезімі мен қазақстандық рухтың үлгісін орнықтыруға болады. Осы бағдар қазақстандық патриотизм негізінде ғана мүмкін болмақ. Жастар санасын тәрбиелеуде оларды саяси мақсатқа ие шаралардан айырып қараған жөн. Көп жағдайда, Қазақстан жастары саяси мақсаттардың құрбанына айналып жататыны белгілі. Осыған қоса, мемлекеттік тілді қазақстандық

патриотизмнен ешқандай ерекшелеп қарауға болмайтындығын пайымдаймыз. Ескеретін жайт, жаңа қазақстандық патриотизмді жастар санасын қалыптастыруда мемлекет құраушы қазақ ұлтының демографиялық өсімі, мемлекеттік тіл меңгеру деңгейімен байланыстырмаған жөн. Өйткені, Қазақстан полиэтносты және поликонфессиялы қоғам.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана, 2017.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті, 2017 жылғы 12 сәуір, № 70 (29051) саны.
3. Духовна-Кравченко Олеся Сергіївна // Взаємозв'язок патріотизму та національної ідеї у становленні сучасної держави. Дисертація на здобуття наукового ступеня кандидата філософських наук, Запоріжжя – 2012. 38 стр.
4. Натарова Ю., Джанабеков А. Пропаганда и популяризация государственных символов как один из факторов формирования казахстанской патриотизма // Саясат. – 2007. – с. 20.
5. Айтымбетов Н.Ы. Ұлттық бірегейлік – Қазақстанның саяси мәдениетін қалыптастырудың факторы // Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 2015. - 124-бет.
6. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

УДК 63.351.16

САЯСИ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раздан Ақжол

akzhol.r0409@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.К.Дюсембекова

Саяси менеджмент – бұл ғылым және саяси мінез-құлықты басқару өнері. Бұл өнер әртүрлі саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы мүмкін болғандықтан, саяси менеджерлердің этикалық жағы туралы мәселе сөзсіз туындайды. Уақытша баспасөзде сайлаушыларды алдау мақсатына қол жеткізуге, қоғамдық пікірді манипуляциялауға, өз бәсекелестеріне бопсалауға тырысатын саяси кеңесшілер мен технологтардың моральдық ластығы туралы мақалалар шығып тұрады. Моральдық және заң нормалары қолданылатын саяси күрестің әдістерінің арасындағы сәйкессіздікті көрсететін «лас» технологиясы да бар еді.

Кәсіптік этика мәселесі әрбір мамандықта болады. Бұл мәселенің негізінде қарама-қайшылықтардың барлық жиынтығы жатыр, олардың бастысы - қоғамда осы мамандық иелері үшін талап етілетін талаптар мен адамның осы талаптарды қанағаттандыруға деген ұмтылысы арасындағы қайшылық. Әрбір кәсіптің қалыптасуы әрқашан өз өкілдіктеріне қойылатын негізгі талаптарды көрсететін мемлекеттік немесе жеке кәсіптік кодексті дамытумен қатар жүреді. Саяси кеңесші немесе технолог мамандығы ерекшелігі жоқ болып табылады. Мәселен, екі жылдан кейін Американдық Саяси кеңесшілер қауымдастығы құрылды, 16 элементтен тұрады.

Қазіргі уақытта көптеген демократиялық елдерде саяси технологтардың және кеңесшілердің кәсіби кодексі бар.

Бірінші этикалық проблема - саяси күрестің тандалған нысандарын қоғамдағы моральдық қағидалар мен моральдарға сәйкестендіру мәселесі. Саяси технологтар адамдарға